

"Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 маусымдағы XXVII сессиясының N 299 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 325 шешімі. Қызылорда облысы Әділет департаментінде 2007 жылғы 09 қаңтарда N 4170 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі N 300 шешімімен

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 16.09.2015 N 300 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Салық Кодексіне және 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексіне сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 30 маусымдағы XXVII сессиясының N 299 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасында реттік нөмірі 3-жолдың төртінші бағанындағы "2,38" деген сан "2,0" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді және баспасөзде жариялауға жатады.

*Қызылорда облыстық
мәслихаттың төрағасы*